

Қызылорда облысының Қазалы аудандық мәслихатының "2023-2025 жылдарға арналған Басықара ауылдық округінің бюджеті туралы" 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 343 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы № 103 шешімі. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қызылорда облысының Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылорда облысының Қазалы аудандық мәслихатының "2023-2025 жылдарға арналған Басықара ауылдық округінің бюджеті туралы" 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 343 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде № 176423 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2023-2025 жылдарға арналған Басықара ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 107637,4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3240 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 112 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 293 мың теңге;

трансферттер түсімі – 103992,4 мың теңге;

2) шығындар – 107735,3 мың теңге, оның ішінде;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -97,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 97,9 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 97,9 мың теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1, 4-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы

Ғ. Әліш

Қазалы аудандық мәслихатының

2023 жылғы "17" қарашадағы
 № 103 шешіміне 1-қосымша
 Қазалы аудандық мәслихатының
 2022 жылғы "23" желтоқсандағы
 № 343 шешіміне 1-қосымша

2023 жылға арналған Басықара ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	107637,4
1			Салықтық түсімдер	3240
	01		Табыс салығы	1512
		2	Жеке табыс салығы	1512
	04		Меншікке салынатын салықтар	1725
		1	Мүлікке салынатын салықтар	68
		3	Жер салығы	4
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1653
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	3
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3
2			Салықтық емес түсімдер	112
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	112
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	112
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	293

	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	293
		1	Жерді сату	293
4			Трансферттердің түсімдері	103992,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	103992,4
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	103992,4
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	107735,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	63957
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	63957
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63754
		022	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	203
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	17775,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	17775,4

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4760
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	340
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	12675,4
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	23673
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	23673
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	23673
12			Көлік және коммуникация	2273
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2273
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	350
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	1923
15			Трансферттер	56,9
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	56,9
			Пайдаланылмаған (т о л ы қ	

		048	пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	56,9
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-97,9
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(97,9
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	97,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	97,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	97,9

Қазалы аудандық мәслихатының
2023 жылғы "17" қарашадағы
№ 103 шешіміне 2-қосымша
Қазалы аудандық мәслихатының
2022 жылғы "23" желтоқсандағы
№ 343 шешіміне 4-қосымша

2023 жылға арналған аудандық бюджетте Басықара ауылдық округінің бюджетіне аудандық бюджет есебінен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттері

р/с	Атауы	Ағымдағы нысаналы трансферт мың теңге
	Ағымдағы нысаналы трансферттер	15 035,4

1	Басықара ауылдық округі, Басықара ауылы, С.Мұқанов көшесінде орналасқан спорт алаңының жасанды төсеніш қабатын ағымдағы жөндеу жұмыстарына	2 104,4
2	Қазалы ауданы, Басықара ауылындағы Т. Мұсабаев көшесін (1,162 км) орташа жөндеу жұмыстарының ЖСҚ-н әзірлеуге	1 923
3	Басықара ауылындағы аяқ су айдайтын СНП 500/10 маркалы насосты (2010 жылғы) ағымдағы жөндеу жұмыстарына	881
4	Басықара ауылына аяқ су айдайтын СНП 500/10 маторына сұйық отын сатып алуға	1 489
5	Әкімшілік ғимаратына жылу маусымына сұйық отын сатып алуға	7 516
6	Басықара ауылдық клубының көрермен орындықтарын жөндеу үшін материалдар сатып алуға	1 122